

13	Басқа мемлекеттің азаматтығын алған оқушылар	0
14	Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлімде есепте тіркелген оқушылар	0
15	Мектепшілік есепте тұрған оқушылар	0
16	Сенімхатпен тұратын балалар	0
17	Тегін тамақтанатын балалар	46

Қауыл етті:
Сынып жетекшілер тегін тамақ ішетін балаларды міндетті түрде

алақан жүйесі бойынша өтуін бақылауға алынсын .

3.Тыңдалды: Оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету. 1-11 сынып

Сөйледі: Кітапханашы Сыздыкова Л.М.

Оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету – бұл білім беру ұйымының әрбір оқушыны оқу процесіне қажетті оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдармен толық қамтамасыз етуге бағытталған жұмысы.

Негізгі мақсаттары:

1. Барлық оқушылардың тең мүмкіндіктермен білім алуын қамтамасыз ету;
2. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу-әдістемелік материалдармен жабдықтау;
3. Оқу жылының басында әрбір сыныпты уақытылы және толық оқулықтармен қамту;
4. Әлеуметтік осал топтағы оқушыларға тегін оқулықтар беру арқылы қолдау көрсету.

Негізгі міндеттері:

- Оқушылар санын нақтылап, оқулықтарға қажеттілік есебін жасау;
- Қажетті оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді уақытылы тапсырыспен алу;
- Кітапхананың қорын жаңарту және есепке алу;
- Оқулықтардың сақталуын, дұрыс пайдаланылуын қадағалау;
- Жыл соңында оқушылардан оқулықтарды қайтару және жағдайын бағалау.

Білім беру мекемелерінде әр жаңа оқу жылында мектеп оқушыларын оқулықтармен толық қамтамасыз ету кітапханашылардың басты міндеті. Биылғы оқу жылында гимназия оқушыларының оқулықтармен қамтамасыз етілуі тамыз айының басынан басталды. Сыныптар бойынша арнайы оқулықтарды тарату кестесі құрылып, ата-аналар және оқушылар чаттарына салынды. Мерзіміне сәйкес кесте бойынша сынып жетекшілеріне таратылды.

1 сыныптар бойынша кітапхана қорында 108 комплект оқулық бар, оқушы саны -121, 13 комплект оқулықтар басқа мектептерден жинақталды және барлық оқушылар қамтамасыз етілді. 2 сыныптар бойынша 105 комплект оқулық, оқушы саны 147, 42 комплект оқулық басқа мектептерден алынды. 3 сыныптарда оқулық саны жеткілікті. 4 сыныптарға «Е тандау гов кз» жүйесімен тандалған оқулықтар келіп түсті, жаратылыстану, бейнелеу өнері, еңбекке баулу және тілдер орыс тілі, ағылшын тілі, неміс тілі, француз тілі. Оқушы саны – 101, жаңадан түскен жаратылыстану, орыс тілі, ағылшын тілі саны – 100, неміс тілі – 20, француз тілі – 25, бейнелеу өнері, еңбекке баулу -100, жетіспеген оқулық басқа мектептен алынды, басқа оқулықтар жеткілікті. Негізгі оқулықтары ауыстырылған жоқ. 5 сыныптарда 130 комплект, 86 оқушы, 6 сыныптарда 110 комплект, 104 оқушы, оқулықтармен толық қамтамасыз етілді. 7 сыныптардың оқулықтары түгел жаңа оқулықтармен алмастырылды, оқушы саны -86, алынған комплект саны –88 , 8 сыныптарда 122 комплект бар, оқушы саны - 99. Артылған оқулықтар басқа мектептерге аймақаралық кітап алмасу үрдісі бойынша берілді. 9 сыныптарда 89 оқушы, комплект саны 103. 10 сыныптардың жаратылыстану – математика бағыты бойынша оқулықтары жеткілікті, оқушы саны – 43, қорда 55 комплект оқулық бар.